



Qarqaraly

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

25 маусым, 2022 жыл Сенбі №24 (11 872)

Өрт – тілсіз жау



Балқантауды жалын шырмады

Балқантаудың басын алапат өрт шырмады. Тілсіз жау 700 гектардан астам қыратты жазық пен 370 гектардан астам солтүстік-шығыс тау сілемдерін отқа орады. Өрт сөндіруге Қарағанды облысының Төтенше жағдай департаменті, Қарқаралы ұлттық табиғи паркі мен ауданда жасақталған өртке қарсы ерікті құрылымдар, «Алтайполиметалл» кәсіпорнының жұмыскерлері және ҚР ТЖМ «Қазавиақұтқару» АҚ өкі МИ-8 тікұшағы жұмылдырылды.

Тілсіз жауды ауыздықтауға бағытталған штабтың басында Қарқаралы ауданының әкімі Ерлан ҚҰСАЙЫН жүр. Найзағайдан басталған жымсық жалынды тізгіндеуге алғашында Егіндібұлақ өңіріндегі елді-мекендердің азаматтары аттанды. Кейін ол топқа аудандық, облыстық және республикалық жауапты құрылымдар қосылды. Арқаның құрғақ желі екпіндей соғып, тілсіз жау ие бермеді. Дегенмен, 3 тікұшақ және 60 астам техниканың, 300 астам адамның көмегі арқылы өрттің қарқыны басылды. Өр тікұшақ күйіне 40 жуық әуеге көтеріліп, баруы қиын тау беткейлеріндегі өртті тоқтатты. Алайда, сілемдердегі қалың ағашы шоққа айналған екі-үш ошақ қайта-қайта қоздап, орман өртіні толық өшіруге мүмкіндік бермеуде. Табиғат апаты салдарымен күрескен топтардың

басы-қасында жүрген өңір басшысы Ерлан Бейсембайұлының қолындағы апат жайындағы ақпарат әр сәт сайын жаңарып тұр. – Киелі де, сұлу Балқантаудың баурайы мен сілемдеріндегі өртті сөндіруге республика мен аймақтағы құрылымдар, аудан мен ауылдағы бөлімдер мен халық бір кісідей жұмылды. Әсіресе, тікұшақ пилоттарының тәжірибесі мен төзімділігі өртті сөндіруге шешуші рөл атқарды. Қызыл жалынмен айқасқан азаматтардың жатын орны мен ас-ауқаты ұйымдастырылған. Өрт сөндіруге атсалысқан азаматтар мен олардың асы мен сусынын дайындаған нәзік жанды қауымға алғыс айтамын! – деді аудан әкімі. Жалпы, Қарқаралы ұлттық табиғи парк құрамындағы Қарқаралы, Кент, Бақты, Қу орман шаруашылықтарының кардондары қажетті өрт сөндіру техникалары,

құрал-жабдықтарымен заманауи үлгіде қамтамасыз етелмеген. Осыдан үш жыл бұрын Боқты тауының 2500 гектарға жуық қарағайлы және қыратты алқабы өртеніп кеткен болатын. Ұлттық парк қызметкерлерінен жазық жоқ. Өйткені, олар «өрттен сақтау станциялары, қажетті техника жоқ» деп дабыл қағып жүргендеріне біраз жылдың жүзі болды. Алайда, барлығы «Баяғы жартас – бір жартас» күйінде тұр. Ендеше, бұл мәселені ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі шешпесе болмайды. Өйткені, Арқаның інжу-маржаны саналатын Қарқаралы өңірінің тұмса табиғатын сақтау солардың міндеті мен күзіретінде тұр. Жалпы, Қарқаралы ұлттық табиғи парк құрамындағы Қарқаралы, Кент, Бақты, Қу орман шаруашылықтарының кардондары қажетті өрт сөндіру техникалары, құрал-жабдықтарымен заманауи үлгіде қамтамасыз етелмеген. Осыдан үш жыл бұрын Боқты тауының 2500 гектарға жуық қарағайлы және қыратты алқабы өртеніп кеткен болатын. Ұлттық парк қызметкерлерінен жазық жоқ. Өйткені, олар «өрттен сақтау станциялары, қажетті техника жоқ» деп дабыл қағып жүргендеріне біраз жылдың жүзі болды. Алайда, барлығы «Баяғы жартас – бір жартас» күйінде тұр. Ендеше, бұл мәселені ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі шешпесе болмайды. Өйткені, Арқаның інжу-маржаны саналатын Қарқаралы өңірінің тұмса табиғатын сақтау солардың міндеті мен күзіретінде тұр.

Түлек – 2022



Сәт сапар саған, жас түлек!

Қарқаралының қарағайлы қара тасы мен ақ селеуі төрбөлген сары даласынан рухтың нәріні, көненің көзіндей болған шағын қаласынан білімнің дөніні Алаштың талай зиялы азаматтары алған. Одан бері қырандай ұшып Тоқтары кетті, бұлаңдай желіп Қасымы өтті.

Бұл өлке несімен қасиетті. Өйткені бұл өңірде Қаз дауысты Қазыбек даналығы, Қожан, Тоғалақ, Матақ батырлардың даралығы, Мәдидің жаралы үні, Құнанбай, Құсбек, Алшынбайдың ағалығы бар. Осындай құтты мекенде дүниеге келген әрбір жан бақытты. Себебі олардың шамшырағы болып Алихан Бөкейханов пен Әлімхан Ермековтер тұр. Ұлы ақын Мағжан «Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады» деп айтқандай әр жыл сайын білім алуға, әскерге баруға, осы өмірден орнын табуға талай жас мектептерін төмендеп, аттанады. Олардың арманы заңғар, қиялы сағым, талабы ағын іспеттес. Өйткені ұлдары ұстаның дүкенінен шыққан алмас қылыштай өмір шарығына қайралуға аттанса, қыздары қызғалдақтай құлпырып әлемге сан түрлі бояу мен жылулық сыйлауға қадам басады. Міне биыл да Абай айтқандай дүниеге кірпіш болып қалануға түлектердің жаңа легі самғамақ.

Қарқаралы ауданының әкімі Ерлан Құсайын білім шыңын бағындырған үздік түлектерге «Алтын белгі» аттестатын табыс етті. Сондай-ақ, жиылған жұрт жаңа өмірге қадам басқан мектеп бітірушілерге алғыстарын білдіріп, ақ жол, сәт-сапар тіледі. Мектептің үздік түлегі «Алтын белгі» иегері Айдана Айтбаева қатарластарына тілегін жеткізіп, болашақта ел игілігіне қызмет ететініне сендірді.

Бұл-бұл жайнап отырған түлектердің қуаныштарында шек жоқ. Себебі, жанашыр жандардың үйлеген үміттерін ақтап, аудан мерейін көтерді. Салтанатты жиынға ұстаздар, ата-аналар, жас түлектер қатысты.

"Шын жүректен барлық мектеп бітіруші түлектерді құттықтаймын. Бұл - өмірдің аса маңызды кезеңдерінің бірі. Ауданымыздың 318 түлегі жаңа өмірге жолдама алып отыр. Оның ішінде, міне, 21-і «Алтын белгі» төсбелгісінің

иегері. Енді, алға жоғары мақсаттар қоятын кез келді. Сіздер мұндай биік мақсатқа дайын деген ойдамын. Өйткені, алтын ұя мектептеріңіз сапалы білім бергеніне сенімдімін. Адамзаттың ұлы ойшылы Әбу-Насыр Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деген", - деді аудан басшысы.

Түлектер өз кезегінде жүрекжарды лебіздендіріп жеткізіп, риясыз ықыластарын білдірді.

Айдана Айтбаева - "Алтын белгі" иегері, О.Жәутіков атындағы №1 мектебінің түлегі:

- Бүгін аудан әкімінің қабылдауында болып, «Алтын белгі» төсбелгісі мен аттестатымызды алған қуанышты сәт. «Еркін елдің болашағы фундаментальді білім мен дамыған ғылымның еншісінде» дейді. Олай болса, бізде жаңа Қазақстан үшін қызмет ететіндігімізге сендіріміз. Үкілі үміттерді ақтаймыз деп уәде етеміз. Мені осындай күнге жеткізген ата-анама және ұстаздарға алғыс айтамын. Жас түлектерге ақ жол, сәт-сапар тілеймін.

Осылайша 11 жыл бойы білім нәрімен сусындатқан ұстаздарға алғыстарын жаудырып, сынып жетекшілері кешегі шәкірт, бүгінгі түлекке ақ жол тілеп жатты.

Кездесуде жүректерінде асқақ арманы бар жастарды көрдім. Ал сол армандары данышпан Абай айтқандай «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүректен қуаттаса, аспайтын асу, алынбайтын қамал болмас.

Ендеше, сәт сапар саған, жас түлек! Баршын Ертісқызы.

Құрметті полиция қызметкерлері және ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Полициясы күнімен құттықтаймыз!

Республиканың құқық қорғау органдары өзінің құрылғанынан бергі 30 жыл ішінде қылмысқа тосқауыл қоятын, азаматтардың Конституция кепілдік берген құқығы мен бостандығын қорғайтын, қоғамдық тәртіп пен тыныштықты қорғайтын қуатты мемлекеттік жүйеге айналды.

Полиция қызметкерлері кез келген сәтте-ақ азаматтар мен қоғамды қорғау үшін, осынау аса жауапты қызмет жолында өз өмірлерін қиюға да әзір екендіктерін көрсетіп, қырағылық танытуда. Аудандық полиция қызметкерлерінің мақтан тұтатын ерлік жолындағы көрсеткіштер қаншама?!

Сонымен бірге, ішкі істер органдарында қызмет ету қызмет барысындағы асқан жауапкершілікті және адамгершілік қасиеттерді талап етеді. Өзіміз байқап отырғандай, ішкі істер органдары кейінгі уақытта қоғамның полицияға деген сенімін арттыруға бағытталуда.

Аудандық полицияның игі дәстүрлерін сақтауға, жас полицейлерді тәрбиелеуге субелі үлес қосқан ішкі істер органдарының ардагерлеріне деген алғысымыз ерекше.

Аудандық полиция қызметкерлері әлі де қызметтік парызын – қоғамдық тәртіпті күзетіп, азаматтардың бейбіт өмірін қорғауды абыроймен атқара береді деген сенімдеміз.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және Отанымыз – Қазақстан Республикасының гүлденуі жолындағы қызметтеріңізге сәттілік тілейміз!

Е.Құсайын,
Қарқаралы ауданының әкімі.
С.Нұркенов,
Қарқаралы ауданы мәслихатының хатшысы.

Құрметті мемлекеттік қызметкерлер!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілер күні кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақстанның мемлекеттік мекемелері – ҚР Президенті және Үкіметі белгілеген еліміздің қалыптасуы мен Республикамыздың дамуының стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудың негізі болып табылады.

Мемлекеттік қызметкердің еңбегі терең біліктілікті, үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап етеді.

Өз тағдырын Сіздерге сеніп тапсырған, Сіздердің біліктік пен кәсіпқойлыққа сенім артқан азаматтарға қызмет етуден құрметті мамандық жоқ.

Халық Сіздерден адамгершілікті, патриоттық сезімді, заңдылықты бұлжытпай сақтауды күтеді. Мемлекеттік қызметкерлер жұмысының сапасына әлеуметтік және экономикалық өзгерістер, халық өмірінің деңгейі мен жалпыұлттық жобалардың жүзеге асырылуы тәуелді.

Мемлекет жоғары мамандандырылған, ұйымдасқан, құқықтық және нәтижелі басқармасы болған жағдайда ғана табысты болып гүлденеді.

Сіздердің күш-жігерлеріңіз алдағы уақытта да қазақстандық мемлекеттілікті, демократияны, мемлекет экономикасын дамытуды қалыптастырумен халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталатынына сенімдіміз. Қызметтеріңіз бен мемлекеттік қызметке деген адалдық үшін алғыс білдіреміз!

Отанымыздың даму үрдісімен сабақтас әр күндеріңіз қуаныш пен мақтанышқа бөлесін!

Сіздерге Қазақстан халқына қызмет ету сияқты мәртебелі істе табыс, жақсылық пен бейбітшілік, кемеңгерлік пен төзімділік тілейміз. Отбасыларыңызға мықты денсаулық, амандық пен Отанымыз – Қазақстан Республикасының игілігіне жасалған барлық бастамаларыңызға табыс тілейміз.

Е.Құсайын,
Қарқаралы ауданының әкімі.
С.Нұркенов,
Қарқаралы ауданы мәслихатының хатшысы.

«Әкім бол, халқыңа жақын бол!»

Көзіқарақты мәртебелі оқырманға мәлім, басылым аудан әкімі Ерлан ҚҰСАЙЫННЫҢ бұқарамен кездесуін ұдайы жариялап келеді. Жариялағанда кейбір газеттер секілді ішкен – жегенді үшінші жақтан ұзынсонар баяндау емес. Газет бетіндегі жазбалардағы сөз иесі әкім. Әкім атқа қонғалы өлмен бетпе бет жүздесуде. Ашық алаңда сын да, мін де айтылып жүр. Я мұнымыз мадақ, я бояуды қалыңдату емес. Сөздің шыны сол. Бұған Қарақаралы ауданының дүйім жұртшылығы куә. Әкіммен бірге Аманат партиясының өкілдері де халықтың мұң – мұқтажына құлақ түрді. Аса ыждаһатты оқырман қауым, әкім кездесуден соң не түйді? Күнделігін парақтап көріңіз...



АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

(Қарқаралы ауданының әкімі Ерлан Құсайынның есептік кездесулер күнделігінен)

Кезекті есептік кездесулер аясында өткен аптаның жұма күні Шарықты, Қаракөл, Балқантау ауылдық округтерін және бүгін Егіндібұлақ ауылын аралап, Қу өңіріне жасаған жұмыс сапарымды түйіндедім. Қордаланған көп мәселе назарымызға ілігіп, халық дауысымен қаперімізге бекіді. Елді мекендерде сонау Кеңес заманында салынған әлеуметтік нысандардың тозығы жетіп тұр. Мәселен, аудан бойынша биыл Қарқаралы өңіріндегі 39 мектептің 2 ғана күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл – мүлде жарамайтын дүние. Өйткені, оларды жөндеу ширек ғасырға созылатын болса, өскелең ұрпақ жарқын болашақтың қақпасын қалай ашпақ? Сондықтан, алдымызда осы өткір мәселе бойынша облыстық білім басқармасымен бірлесе

тығыз жұмыс атқару міндеті тұр. Аудан бойынша жылына кемінде 6-7 мектеп жөндеуден өтсе ғана білім саласының өрісі кеңеймек.

ТЕРЕКТІ АУЫЛЫ

Ауданымыздағы «Алтайполиметалл» сынды ірі өндірістік кәсіпорны бар Шарықты ауылдық округінде әкімінің есебін тыңдап, халықтың сұрақтары мен өтініштерін естідік. Теректі ауылында интернет мәселесі шешілгенмен, бөлімшелері Айыр мен Қызылшілікте оның жағдайы оңып тұрған жоқ. Теректінің басындағы кеніштің әкімшілік-тұрмыстық кешенінде спорттық үйірмелер мен заманауи бассейн жұмыс жасап тұр. Мұнда аптаның белгілі бір күндерінде

ауылдағы барлық жұрт спортпен айналыса алады. Дегенмен, елді толғандырған экология мәселесіне назар аудару қажет. Өйткені, кеніш нысандарынан аққан көріз сулары тау баурайындағы бұлақтарға қосылып, одан төрт түлік су ішуде. Ал, мал өнімін жұрт тұтынууда. Аудандағы электр жүйесі мен құрылыс бөліміне де айтар наздары жетерлік екен. Мәселен, көше шамдарының екі-ақ сағатқа жануы, электр желісіндегі оқпылықтар, жаңа ауыз су құбырының қалай тартылатындығы, қоқыс полигонының толып кетуі сынды мәселелер ауыл тұрғындарының көңілін мазалайды екен.

Жауапты мекеме басшыларына тиісті тапсырмаларды беріп, бақылауыма алдым.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Мұханова Құль-барам Қойшыбайқызы** және **Оспанова Шолпан Төлеуғазықызы!** Дәрігердің орнына дәрігер болып, кент тұрғындарына қызмет атқарып жүрген медбикелерге алғысымыз шексіз. Ерен еңбектеріңізге, мейірімді жүректеріңізге алғысымызды білдіреміз. Еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бөлесін. Сіздерді төл



мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, күш-жігер, баянды бақыт пен жаңа табыстар тілей отырып, кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында биік асулардан көріне беріңіздер деген тілегімізді білдіреміз.

Құрметпен, **Бикеш ханым, Мәриям ханым.**

Хабарландыру

КӨКТАС АУЫЛЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2022 жылдың 25 шілдесінде сағат: 11.00-де Қаршығалы ауылдық округі, Көктас ауылының мәдениет үйінде Көктас ауылындағы бірнеше көшелерді қайта атау бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Барлық ұсыныстар мен ескертулер «Қаршығалы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ Көктас ауылы Тагарин көшесі 30 үй мекенжайы бойынша қабылданады.

«Қаршығалы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

БҮРКІТТІ АУЫЛЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2022 жылдың 25 шілдесінде сағат: 11.00-де Қырғыз ауылдық округінің әкімдігінде Бүркітті ауылындағы Пионер көшесін қайта атау бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Барлық ұсыныстар мен ескертулер «Қырғыз ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ Бүркітті ауылы Тың көшесі 8 үй мекенжайы бойынша қабылданады.

«Қырғыз ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

ЕГІНДІБҰЛАҚ АУЫЛЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2022 жылдың 25 шілдесінде сағат: 11.00-де Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімдігінде Егіндібұлақ ауылындағы бірнеше көшелерді қайта атау бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Барлық ұсыныстар мен ескертулер «Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ Егіндібұлақ ауылы Мәди көшесі 10 құрылыс мекенжайы бойынша қабылданады.

«Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

ӨСІБАЙ АУЫЛЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2022 жылдың 25 шілдесінде сағат: 11.00-де Н.Нұрмақов ауылдық округінің әкімшілік үйінде Өсібай ауылындағы бірнеше көшелерді қайта атау бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Барлық ұсыныстар мен ескертулер «Н.Нұрмақов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де қабылданады.

«Н.Нұрмақов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

ҚАРАҒАЙЛЫ КЕНТІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2022 жылдың 25 шілдесінде сағат: 11.00-де Қарағайлы кентінің әкімшілік үйінде Қарағайлы кентіндегі бірнеше көшелерді қайта атау бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Барлық ұсыныстар мен ескертулер «Қарағайлы кенті әкімінің аппараты» ММ Қарағайлы кенті 20 квартал 4 үй мекенжайы бойынша қабылданады.

«Қарағайлы кенті әкімінің аппараты» ММ.

МҚҰ «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» МФО

ЭВЕРЕСТ Финанс

көрсетім МОЛШЕРЛЕМЕР

красивые СТАВКИ

до 3 000 000 ТГ ДЕЙН

вход на сайт

МИКРОКРЕДИТТЕР

- ✓ **зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге**
- ✓ **кепілсіз**
- ✓ **алты жылға дейін**

ОҢАЙ, ЫНҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ!

МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ **для пенсионеров (до 78 лет)**
- ✓ **и работающих без залога**
- ✓ **до шести лет**

ПРОСТО, УДОБНО И БЫСТРО!

г. Караганда, ул. Алиханова 8А
(слева от ТД Абзал) **офис 3А,**

8 707 060 64 61, 8 707 060 64 66

Все подробности на сайте everestfinans.kz

03.03.2021 жылғы №09.21.0005 М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген.

Шубра учаскесі (Қарағанды облысы)

04.08.2022 жылы сағат 16.00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Мыржық ауылы, № 48 Мыржық бастауыш жалпы білім беретін мектебінің ғимараты мекенжайы бойынша М-43-72-(10г-56-13,14,15,18,19,20) блоктарының қатты пайдалы қазбаларын барлау бойынша – Шығыс Қазақстан облысындағы Шубра учаскесінде жоспарланған қызметтің ықтимал әсері туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтеді.

Жергілікті атқарушы орган (ЖАО) – «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ («ШҚО ТРЖТПРБ» ММ), тел.: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Тапсырыс беруші – ТОО «Данекер-Жол», Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген Батыр көшесі, Қуат ш/а, Н.Исахметов көшесі, 43, тел.: +7 777 106 24 89, e-mail: daneker-zhol@mail.ru.

Ықтимал әсерлер туралы есепті әзірлеуші – «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ»» ЖШС, ШҚО, Өскемен қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 29/2-56, тел.: +7 705 144 84 80, e-mail: pcrprof@mail.ru.

Жобалық құжаттама және онлайн қатысуға белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (БЭП) – <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ «ШҚО ТРЖТПРБ» ММ сайтында–<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press/article/1?directions=5159&lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» тарауында қолжетімді болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар БЭП-да қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ ЖАО мекенжайы бойынша– Қарағанды қаласы, Лободы көшесі, 20, «ШҚО ТРЖТПРБ» ММ, тел.: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Хабарландыру!!!

Қарқаралы МҰТП мекемесіне өрт сөндіру автокөлігіне жүргізуші және орман өрт сөндіруші лауазымына(ер адамдар) жұмыскерлер қажет. Жұмысқа тұрам деушілер болса кадр бөліміне немесе мына телефонға 87214631214 хабарласу керек.

Үй сатылады. Қарқаралы ауданы, Бүркітті ауылы, Ардагер көшесі 50 пәтер. Екі жақты үй. Жері 24 соттық.Бау-бақша, монша, гараж, мал қорасы бар. Мал асырағанға өте қолайлы жер. Үй малымен қоса сатылады. Барлық сұрақтар бойынша 8 707 867 25 40, 87774855588 осы номерге хабарласыны!

Хабарландыру

Қыстаққа жанұялы жұмыскер және жұмыскерлер қажет. Жалақысы келісім бойынша. Тел: 8-777-485-11-77.

Қарқаралы қаласы, Құнанбай Қажы 14 мекен-жайы бойынша жер үй сатылады. Үй ішінде су және канализация бар. Пластик терезе орнатылған, 5 бөлмелі жарық үй. Жер көлемі үлкен әрі кең. Қосымша 2 бос участок сатылады, және “Дидар” магазин сатылады, прокуратураның қасында. Бағасы келісім бойынша. 87026261941 нөмері бойынша хабарласа аласыз!

Көктас ауылы, Молодежная көшесі №2 жер үй сатылады. Үйдің сырты сары кірпішпен қапталған, жылы, пластик терезе, су үйдің ішінде насос, су жылытатын титан, душ, канализация бар. Жазғы ас үйі, кладовка, гараж, қор-қопсысы бар. Жер көлемі үлкен әрі кең, шет жақта, мал ұстауға қолайлы. Бағасы келісім бойынша. Тел. 87784605759, 8-7786211947.

Натяжные потолки 87021771823 Қайсар.

Требуются повара и официанты в придорожное кафе (поселок Коктас). Название кафе «Жибек жолы». Оплата при собеседовании. Питание бесплатное. Проживание бесплатное. График работы: 15/15. Сеть плохо ловит поэтому звоните или пишите только на Whatsapp: 8-778-384-75-55.

Натяжные потолки недорого качественно 87024436949.

31 мамыр 2022 жылы қайтыс болған азамат /-ша/ АНИКАЕВ АНАТОЛИЙ НИКОЛАЕВИЧТЫҢ атына мұралық іс ашылды, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі, 34 («КТ Қарқаралы, ғимаратында орналасқан»), мекен жайы бойынша нотариус Рахимова Жанаргүль Мейрашовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Тел 8-701-487-99-54,8-72146-33-016.


ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы ауданы, Қарынши ауылының тумасы, Көктас ауылының тұрғыны аяулы жар, ардақты әке, немерілеріне сүйікті ата бола білген **Мерсейтов Болат Әшімұлының** дүниеден озғанына 40 күн толып отыр. Ардақты әкеміз 40 жылға жуық Қарынши ауылында жүргізуші болып қызмет атқарды. Елге сыйлы, ағайын-туысқа қамқор бола білген әкеміз пайғамбар жасына толар толмастан пәни дүниеден бақи дүниеге аттанып кете барды.

Әкежан шаңыраққа болдың пана. Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Ама! не, жоқсыз бүгін ортамызда. Сағындық, әке, сізді баршамыз да. Әкешім отбасынның тірегі едің. Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің. Болмасаң да бүгін біздің жанымызда. Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда. Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы. Сағынышпен балалар еске алады. Өзіңізбен өткен күн,әрбір жылдар Жадымызда мәңгіге сақталады.

Әкемізді сағынышпен еске ала отырып 2 шілде, сағат 13⁰⁰-де Көктас ауылы "Жанася" кафеcінде берілетін 40 күндік асына ағайын-туыс, жора- жолдастарын, құда-жекжаттарын, ауылдастарын шақырамыз.

Сағынышпен еске алушылар жұбайы: Зәуреш, балалары: Ақ-марал-Бекмурат, Айгерім, Айдос-Құралай, Гулзада-Жасұлан, Бөреке, немерелері.



ЕСКЕ АЛУ

Егіндібұлақ ауылының тумасы, күйеу баламыз **Қабыкенов Жасұлан Шынарұлын** ет жүрегіміз езіліп, сағына еске аламыз.

Отбасымыздың мүшесі, теріміздің сәні, үлкенге де, кішіге де сыйлы, құрметті бола білген Жасұланымыздың орны ойсырап қалды. Ақжарқын бейнесі мәңгі есімізде. Отбасының тірегі, панасы, аяулы жар, асқар тау абзал әке еді. Сегіз қырлы бір сырлы он саусағынан өнер тамған, ақкөңіл, ақжарқын жан еді, ама! нешік?

Көре алмай тіршіліктің көп қызығын, Жарқырап келе жатқан жұлдыз едің. Шаңырақтың еркесі едің, серкесі едің, Өнердің еңшілеп ең ерте шебің. Жанбасына батпасын жер төсегін.

Тағдырдың жазуына бағынып, ортамызда жоқтығына жанарымыз жасқа толып, өзегіміз өртене сағына еске алып жәннаттан өте гөр деп, бір Алпадан тілейміз.

Еске алушылар: қайын жұрты.



ЕСКЕ АЛУ

Ақтерек ауылының тұрғыны **Орымбекова Мәкен** анамыздың өмірден өткеніне 28 маусымда бір жыл толады. Аяулы анамыздың өмірден өткеніне әлі де сене алмай жүрміз, Жанымызда желеп, жебеп жүр ғой деп ойлаймыз. Тіршілігінде үлкенге де, кішіге де сыйлы болған, ақкөңіл,жүрегі таза, анамыздың жатқан жері жайлы топырағы торқа болсын дегеннен басқа шарамыз жоқ. Анамыз өткеннен құлазып, қалдық. Жанымызға демеу болып отырушы еді. Қабіріне алланың нұры жансын.



Анамыздың көзін көрген, замандас ағайын, туған-туыс, құда-жекжат, дос-жоран, жерлестер. Ақтерек ауылында 1 шілде күні сағат 13.00-де өз шаңырағында беріледі.

Еске алушылар балалары, немерелері.

ЕСКЕ АЛУ

Нұркен ауылының тумалар **Жүнісов Азамат Әділұлы** мен **Жүнісов Еркебұлан Мағауия-ұлының** өмірден озғанына 40 күннің жүзі толып отыр. Күні кеше ғана ортамызда жүрген бауырларымыздан көз жазып қалдық. Өмірдің осылай, тосын қайғысымен қабырғамызды қайыстырып, жүрекке сызат салатынын кім болжаған? Бәрі де бір Алланың жазуы ғой.

Бауырларымыз тіршілікте жүректері кең, ел жұртына, дос-жаранға сыйлы, туған-туысына бауырмал, көпшіл жандар еді. Нұрлы бейнелері, айналысына деген қамқорлықтары мен шыншылдықтары бәрі де көз алдымызда, санамызда жаттаулы. Марқұмдарды еске ала отырып, қабірлеріне Алланың нұры жаусын деп дұға бағыштаймыз.

Көре алмай тіршіліктің көп қызығын, Тата алмай шаттық өмір тәттілігін. Жарқырап келе жатқан жұлдызым ең, Өттең-ай! Ерте сөнді-ау от-ғұмырың. Періште боп ұштыңдар көк аспанға, Шаңырақтың еркесі де, серкесі едіңдер. Жамбасына батпасын жер төсегің 40 күн өтті өздеріңді сағындық. Алпадан сұрап қайырын, жақсылығына жалындық. Алдың бейіш, артың нұр, шапағаты тиісін деп, Дұға қылып өздеріңе тағдырға біз бағындық.

Құрметті ағайын туған-туыс, құда-жекжат, өріптестер, дос-жарандар бауырларымыз Жүнісов Азамат Әділұлы мен Жүнісов Еркебұлан Мағауияұлының 6-шілде күні болатын қырық күндік асына шақырамыз. Ас Нұркен ауылында 6 шілде күні сағат 12:00-де, ауыл азаматтарына сағат 15:00-де Жүнісов Мағауияның шаңырағында беріледі.

Еске алушылар: Анасы, әке-шешесі, жұбайлары, балалары және туысқандары.

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы ауданы, Қарағайлы кентінің тұрғыны болған асыл жар, қамқоршы әке, аяулы анамыз **Дүйсенбина Алмагүл Сағындыққызының** бұл фәниден мәңгілік мекенге аттанғалы 10 жыл толды. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында шаңырағының тал бесігін шайқалтпай, айналасына шуақ шашқан аяулы анамызды сағына еске аламыз:

Уақыт-ай шіркін өтесің, Жалғанда кім бар мәңгілік? Аңқылдап жүрген жан Ана, Жүрегімізді сыздатып, Нұр бейнен қалды жаңғырып. Көрген түстей-ақ кешегі, 10 жыл өтті жұрт десеңі. Ауылда қалған бала-шақ, "Анажан қайда кетті?" деп, Аралайды іздеп көшені. Тәңірден дұға тілейміз, Пейіште болсын мекенің. Ұрпағың еніп-өсуде, Орнында бар оңалар, Алпаға шүкір етемін. Еске алып туған-туыстар, Қол жайып құран бағыштар.

Құрметті туған-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, көршілер! Анамыздың 10 жылдық асы Қарағайлы кенті "Ақмешіт" асханасында 9 шілде күні сағат 13:00-де өтеді.

Сағына еске алушылар: жолдасы Жанат, ұл-қыздары, көліндері мен күйеу балалары, немерелері.



ЕСКЕ АЛУ

Ақжол ауылының тұрғыны бірімізге сүйікті қыз, бірімізге құрбы дос, бірімізге қимас сіңілі болған өнерпаз, сегіз қырлы, бір сырлы аяулы қызымыз бұл өмірде болғанда маусымның 25-де 50 жасқа толғанын тойлар едік. Ама! қанша туған-туыс, құрбы достарының, жүрген ортасының, сахананың гүлі болған Ақ **Маржанымыз** жатқан жерің жарық,топырағың мамық болғай!

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып, Ел айтады,жұрт айтады Жарысып. Көпшіліктен алған алғыс, Сауабың, Жатқан шығар рухыңмен Қауышып. Жақсы жанды алып сендей Тәңірім, Жақсылықтың ұқтыра ма Қадірің. Алла өзі жарылқасын Алдыңнан, Дұғамызбен Нұрландырсын тар қабірін.



Еске алушылар "Ақ босаға"ансамблінің мүшелері: Макеш Қарғабаева, Қорлан Төкенова, Зейне Несіпбаева.

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі және орталықтандырылған кітапханалар жүйесі көп жылдар мәдениет бөлімінде қызмет атқарған зейнеткер

Жаркимбеков Теміржанның

қайтыс болуына байланысты туған туыстарына қайғырып көңіл айтады.